

Меланезия



Меланезия— Тынық мұхиттағы негізгі арал топтарының бірі. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 5000 километрге созылып жатыр. Басты аралдары мен арал топтары: Жаңа Гвинея, Бисмарк топаралы, Сүлеймен (Соломон) аралдары, Жаңа Гебрид топаралы, Жаңа Каледония, Фиджи. Меланезия аралдары — Ұлыбритания, Франция, Австралия Одағының басқаруындағы және қамқорлығындағы аумақ. Фиджи — тәуелсіз мемлекет. Жаңа Гвинеяның батыс бөлігі (Батыс Ириан) Индонезияның құрамына кіреді. Жалпы ауданы 1 миллион километр квадрат шамасында. Меланезия аралдарының ірілері материктік, ұсақтары жанартаулық жолмен пайда болған. Олар альпі геосинклинальдық белдеміне кіреді. Күшті қатпарлануға ұшыраған гнейс, кристалдық тақтатаас, әктас және гранит интрузиялары кеңінен таралған. Аралдардың басым бөлігінің жер бедері таулы. Ең биік жері Жаңа Гвинеядағы Джая тауы (5029 метр). Климаты экваторлық және субэкваторлық, оңтүстік аралдарда тропиктік.

Халқы

Микронезийцы


(Марианские о-ва, Каролинские,
Маршалловы, остров Науру)



Меланезия

(арх. Бисмарка, Соломоновы о-ва, Новые Гебриды, Новая Каледония, о-в Фиджи)





Орташа айлық температурасы жыл бойы тұрақты дерлік: ең ыстық ай — ақпанда $25 — 28^{\circ}\text{C}$, ең салқын ай — тамызда $21 — 23^{\circ}\text{C}$. Жылдық жауын-шашынның орташа мөлшері таулардың терістік беткейлерінде 700 — 900 миллиметр, қалған бөлігінде 1000 — 2000 миллиметр. Ең ірі өзені — Жаңа Гвинеядағы Флай (ұзындығы 800 километр). Экваторға таяу жатқан солтүстік аралдарда ылғалды тропиктік қалың ормандар өседі (нан ағашы, қауын ағашы, пальма түрлері, тағы басқа). Орталық және оңтүстік аралдарда муссондық ормандар мен саванналар бар. Жануарлар дүниесі австралиялық түрлерге ұқсас (қалталы сүтқоректілер, казуарлар, жұмақ құстары, тағы басқа). Байырғы халқының басым көпшілігі ($2/3$) папуастар және меланезиялықтар ($1/4$). Тұрғындары егіншілікпен, балықшылықпен, мал шаруашылығымен, және ағаш дайындау, маржан жинау кәсіптерімен айналысады. Түрлі түсті металл кендері өндіріледі.

